

Хабарлама

№26 С.Датов атындағы орта мектепте 2021 жылы 08.12 күні «Өзін-өзі тану» пәні бойынша «Өзін –өзі тану» пәні жеке тұлғаның рухани –адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру» тақырыбындағы семинар болып өтті. 2021-2022 оқу жылындағы «Өзін-өзі тану» әдістемелік бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары бойынша семинардың **жоспары жасақталып, бекітілді.**

Семинардың мақсаты:

оқушылардың өзін-өзі танудың мәнділік жөніндегі ұғымдарын кеңейту;

оқушыларға ізгілік ұғымы туралы түсінік беру;


оқушыларды мейірімді, ізгілікті, әдепті, сыпайы болуға тәрбиелеу.

Жоспар бойынша ашық сабақтар, тәрбиелік шаралар өткізілді.

Хайдарова Меруерттің «Өнегелі өмір» қазақ әдебиетімен кіріктірілген ашық сабағы, 10 сыныптағы күнтізбелік жоспарға сай көрнекіліктерімен өз дәрежесінде өтті. Сабаққа өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері қатынасты. Оқушылардың сабаққа қатынасы белсенді болды



10 сыныптағы Иманшиева Гүлнұрдың «Тәуелсіз елдің ұрпағы сөйлейді» тарих сабағымен кіріктірілген тәрбиелік шара мақсатына жете білді. Оқушылардың шараға қатынасы жақсы болды.



Бекежанова Гулмира «Бір-бірімізге көмектесеміз» тақырыбындағы дүниетану пәнімен кіріктірілген 1 «в» сыныбында ашық сабағын өткізді. Оқушылар дүниетану пәнімен кіріктірілген сабаққа жақсы қатынасып, өз ойларын ашық айта білді.






Муканова Тураргүлдің 1 «г» сыныбындағы «Бір-бірімізге көмектесеміз» әліппе пәнімен кіріктірілген ашық сабағы, күнтізбелік жоспарға сай көрнекіліктерімен өз дәрежесінде өтті.



«Жалпыадамзаттық құндылықтар- рухани дамудың қайнар көзі» тақырыбындағы тренингті пән мұғалімдері Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесімен байланыстырып, өз елімізге деген сүйіспеншілікті, батыр аға-апаларымыздың бойындағы жақсы адамгершілік қасиеттерді айқындап көрсете білді. Тренингке пән мұғалімдерімен бірге ата-аналар қатынасты.





Өзін-өзі тану пәні адамға шынайы бақытқа, өмірлік қанағаттану мен ішкі тыныштыққа жетуге мүмкіндік береді, мінездің кемелденуін және тұтас үйлесімді тұлғаның дамуын қамтамасыз етеді. Балалар мен жастарға рухани-адамгершілік білім беру қоғамда жоғары рухани-адамгершілік игіліктерді нығайтудың, кемел мінез бен адамгершілік қасиеттерге ие лайықты азаматтарды тәрбиелеудің тірегі болуды мақсат тұтады. Қоғамның келешегі білім беру жүйесіне тәуелді, өйткені бүгінгі балалар уақыт өте келе елдің және жаңа заман тағдырының жасампаздары болатынын нық сеніммен айтуға болады.

Рухани-адамгершілік – міне, мектептің ақиқаты. Ол мектептің барлық жеріне орнығуы керек, оның барлық бұрыштарына, оның барлық кеңістігіне, барлық пәнге, барлық көрнекіліктерге, барлық бағдарламалар мен оқулықтарға, әдістемелер мен тәсілдерге. Ол әрбір тәрбиеші мен мұғалімнің санасы мен жүрегін толтыру керек.

Бірлестік жетекшісі:

Бекежанова Г